

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы мәслихатының 2020 жылғы 25 қыркүйектегі № 53/13 "Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы бойынша бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібін, олардың шекті толу нормаларын, сондай-ақ бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды, пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекараларын айқындау туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы мәслихатының 2024 жылғы 15 ақпандағы № 14/8 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 16 ақпанда № 7688-15 болып тіркелді

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы мәслихатының 2020 жылғы 25 қыркүйектегі № 53/13 "Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы бойынша бейбіт жиналы ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібін, олардың шекті толу нормаларын, сондай-ақ бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды, пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекараларын айқындау туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6562 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 2-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Председатель маслихата района
Шал акына Северо-Казахстанской области*

К. Жангужинов

Солтүстік Қазақстан облысы
Шал ақын ауданы мәслихатының
2024 жылғы 15 ақпандағы № 14/8
шешіміне қосымша
Солтүстік Қазақстан облысы
Шал ақын ауданы мәслихатының
2020 жылғы 25 қыркүйектегі
№ 53/13 шешіміне 2-қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы бойынша пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекаралары

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданының аумағында іргелес аумақтардың шекарасына 800 метрден жақын жерде пикет өткізуге жол берілмейді:

- 1) жаппай жерлеу орындарында;
- 2) су, әуе және автомобиль көлігі объектілерінде және оларға іргелес жатқан аумақтарда;
- 3) мемлекеттің қорғаныс қабілетін, қауіпсіздігін және халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін ұйымдарға іргелес жатқан аумақтарда;
- 4) қауіпті өндірістік объектілерге және пайдалануы арнайы қауіпсіздік техникасы қағидаларын сақтауды талап ететін өзге де объектілерге іргелес жатқан аумақтарда;
- 5) магистральдық құбыржолдарда, ұлттық электр желісінде, магистральдық байланыс желілерінде және оларға іргелес жатқан аумақтарда тыйым салынады.